

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 18 қазан N 1130

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Ескерту. Жоба Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінен қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2003.01.22. N 73 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат):

- 1) 28-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы алынып тасталсын;
- 2) 30-бап мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларын дауға салу туралы істерді қарайды";

3) 275-баптың бірінші бөлігінде "прокурор" деген сөзден кейін "мамандандырылған ауданаралық әкімшілік" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N

4 , 3 2 , 3 3 - қ ұ ж а т т а р) :

1) 109-баптың екінші бөлігінде "аудандық" деген сөз "мамандандырылған ауданаралық әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 110-баптың бірінші бөлігінде "қалалық (аудандық)" деген сөздер "мамандандырылған ауданаралық әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат):

541-баптың бірінші бөлігінде "Аудандық және соларға теңестірілген" деген сөздер "Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылғанға дейін осы Заңмен олардың соттылығына жатқызылған істерді аудандық және оларға теңестірілген соттар қарайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті